

«Келісемін»

Кәсіподақ төрайымы



Р.Р.Буркутова

«Бекітемін»

ШЖҚ «ОПАБюро» МКК



басшысы

Г.Ә.Қазбекова

20 ж.

ШЖҚ «Облыстық натологоанатомиялық бюросы» МКК қызметкерлерінің әдеп кодексі

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Әдеп кодексі (ары қарай — Кодекс) ұжымда ШЖҚ "Облыстық патологоанатомиялық бюросы" МКК (бұдан әрі-Бюро) барлық қызметкерлері ұстануға тиісті белгілі бір нормаларды сақтау үшін әзірленген.
2. Осы Кодекс Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық қызметкердерінің Ар-намыс Кодексіне, Қазақстан Республикасының азаматтық қызметкерлерінің қызметтік әдеп Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және жалпы қабылданған моральдік-әдептілік нормаларына сәйкес жасалды.
3. Кодекс Бюродағы тұлғааралық қатынастарды реттеуге арналған және адамдардың бірлескен іс-әрекетіне моральдік мағына береді.
4. Кодекстің міндеттері:
 - Бюроға оң көзқарасты қалыптастыру;
 - әріптестер мен келушілерге қатысты "дұрыс" мінез-құлық шеңберінде ұжымдағы әрбір қызметкерге көмек көрсету;
 - жеке адамның және қоғамның құқықтарын, қадір-қасиетіп, денсаулығып қамтамасыз ету;
 - бюронның әр қызметкерінің өз қызметі үшін жоғары моральдық жауапкершілігін анықтау.
5. Кодекс Бюронның кәсіби қызметінде қолдануға арналған .
6. Бюронның әр қызметкері өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

2. ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Бюро қызметкерлері өз қызметтері барысында міндетті:

- 1) қолда бар ресурстар шеңберінде өз біліктілігіне, лауазымдық нұсқаулықтарына және қызметтік міндеттеріне сәйкес сапалы және қауіпсіз медициналық көмекті қамтамасыз ету үшін жауанкершілікте, оның ішінде моральдық жауапкершілікте бөлуға;
- 2) өзінің кәсіби білімі мен шеберліктерін, дағдылары мен эрудициясын үнемі жетілдіріп отыруға;
- 3) өз іс-әрекеттерімен бюроның беделін нығайтуға, оның мүдделерін қорғауға, Бюро қызметкерлерінің беделін түсіруге жол бермеуге;
- 4) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, өзінің қызметтік міндеттерін адал, әділ және сапалы атқаруға, ол үшін қз жұмыс уақытын тиімді пайдалануға;
- 5) жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш-жігерді жұмсауға, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы және үнемді тәсілдерін қолдануға, сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікке ұқыпты қарауға;
- 6), ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай жасауға өз ісіне деген көзқарасымен және іс-әрекетімен ықпал етуге;
- 7) басқа қызметкерлер тарапынан қызметтік этиканы бұзу фактілерін болдырмауға және алдын алуға;
- 8) қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік мақсатта пайдалануға жол бермеуге;
- 9) өз іс-әрекеттерімен және шешімдерімен қоғам тарапынан негізделген сыпға себеп бермеуге, сып үшін қудалауға жол бермеуге, оған төзімділік танытуға, кемшіліктерді жою және кәсіби қызметін жақсарту үшін негізделген сынды қолдануға.

3. КЕЛУШІЛЕР МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

1. Медициналық қызметкер пациенттің арнамысын сыйлауы керек, оған және оның жақындарына мұқият және шыдамды болуы қажет. Науқасқа дөрекі және адамгершілікке жатпайтын көзқарас танытуға, оның адамдық қадір-қасиетін қорлауға, сондай-ақ пациенттердің кез келгеніне артықшылық көрсетуге немесе медицина қызметкерінің артықшылығын немесе ұнатпауын білдіруге жол берілмейді.
2. Медицина қызметкері науқастың туыстары мен жақындарының мәселелерін түсіністікпен қабылдауы керек, бірақ сонымен бірге ол кәсіби себептерсіз пациенттің және оның отбасы мүшелерінің жеке істеріне араласпауы керек.
3. Егер пациент-қоғам, пациент-отбасы және т. б. мүдделер қақтығысы туындаса, егер оларды жүзеге асыру пациенттің өзіне немесе

айналасындағыларға тікелей зиян келтірмейтін болса медицина қызметкері пациенттің мүдделеріне артықшылық беруі керек.

4. Медицина қызметкері медициналық құпияны жариялауға жол бермейтін шараларды қабылдауы тиіс. Пациенттің өлімі медициналық құпияны сақтау міндетінен босатпайды. Медициналық құпияны жариялауға Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

4. БЮРО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫПАСЫ

1. Бюро қызметкерлерінің арасындағы қарым-қатынас өзара сыйластық пен сенімге негізделуі тиіс.

2. Ұжымдастарымеп қарым-қатынаста Бюро қызметкері адал, әділ, қайырымды болуы керек, әріптестерінің білімі мен тәжірибесіне сыйластықпен қарауы тиіс, сопымен қатар олармен өз тәжірибелерімен және білімдерімен риясыз болісуге дайын болуы керек.

3. Басқа қызметкерлерді басқарудың моральдық құқығы жоғары кәсіби құзыреттілік пен жоғары адамгершілікті талан етеді.

4. Әріптеске қатысты сын дәлелді және қорлаушы болмауы керек. Әріптестердің жеке басы емес, кәсіби іс-әрекеттері сынға ұшырайды. Әріптестердің беделін түсіру арқылы өз беделін нығайтуға тырысуға жол берілмейді. Бюро қызметкерінің бөгде адамдардың көзінше өз әріптестері және олардың жұмысы туралы жағымсыз сөздер айтуға құқығы жоқ.

5. Бюроның әрбір қызметкері әріптестерінің өзіне қалай қарағанын қаласа сондай қарым-қатынас жасауы қажет.

6. Бюро қызметкерінің басқа қызметкердің кәсіби біліктілігіне жария түрде күмән келтіруге немесе оның беделін түсіруге құқығы жоқ.